

Жүргізілген кеңестер туралы  
**Есеп**

Тақырыбы «Қант қызылшасын игеруде кездесетін өзекті мәселерді шешу жолдары»

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:  
«02» қазан 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орны:  
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көктал ауылы, Тәуелсіздік 96А.,  
«Нұр и К» ШҚ

Эксперт:  А.К. Абай  
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ  
Топырақтану және агрохимия  
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС  
Басқарма Төрайымы

 Р.Х. Рамазанова  
Қолы: Р.Х.Р  


**1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;**

Климаттың қуандануы және ауа райының тұрақсыздығы; Техника және технологиялық жабдықтардың жеткіліксіздігі; Тыңайтқыштарды теңгерімсіз қолдану; Агрономиялық білім мен кадр тапшылығы.

**2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;**

Қант қызылшасын тиімді игеру үдерісінде климаттың қуандануы, техника мен технологиялық жабдықтардың жеткіліксіздігі, тыңайтқыштарды теңгерімсіз қолдану және білікті агрономиялық кадрлардың тапшылығы негізгі шектеуші факторлар болып отыр.

Бұл мәселелер дақыл өнімділігіне, қанттың шығымына және топырақ құнарлылығының сақталуына тікелей әсер етеді. Климаттың өзгеруіне байланысты ылғал үнемдеу технологияларын енгізу, соның ішінде тамшылатып суару мен нөлдік жырту жүйесін пайдалану, сондай-ақ құрғақшылыққа төзімді қант қызылшасы сорттарын қолдану тиімді нәтиже береді.

Техника мен жабдықтардың жеткіліксіздігін шешу үшін шаруашылықтарды заманауи энергия үнемдейтін техникалармен қамтамасыз ету және сервистік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру қажет.

Тыңайтқыштарды теңгерімді қолдану мақсатында топырақтың агрохимиялық талдауы негізінде минералдық пен органикалық тыңайтқыштардың үйлесімді мөлшерін сақтау ұсынылады.

Сонымен қатар, қант қызылшасын өсіру саласында мамандар тапшылығын азайту үшін агрономдарды даярлау мен цифрлық технологияларды қолдану деңгейін арттыру маңызды. Бұл шаралар қант қызылшасының тұрақты өнімін қамтамасыз етіп, саланың тиімді дамуына ықпал етеді.

**3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже;**

Ұсынылған шараларды іске асыру қант қызылшасы өндірісінің тиімділігін арттыруға, өнім сапасы мен қанттылық деңгейін тұрақтандыруға және саланың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Климаттың қуандануы мен ауа райының тұрақсыздығына бейімделу мақсатында ылғал үнемдеу технологияларын (тамшылатып суару, минималды жырту, мульчирование) енгізу нәтижесінде топырақтағы ылғал қоры 20–25 пайызға ұлғайып, су пайдаланудың тиімділігі 60 пайыздан 85 пайызға дейін артады. Құрғақшылыққа төзімді және ерте пісетін қант қызылшасы сорттарын пайдалану өнімнің тұрақтылығын күшейтіп, өнімділікті орта есеппен 15–20 пайызға арттырады.

Техника мен технологиялық жабдықтарды жаңарту шаруашылықтардың еңбек өнімділігін 1,5 есеге дейін көтеріп, жанармай мен жөндеу шығындарын 10–12 пайызға азайтады. Энергия үнемдейтін және дәлме-дәл егіншілік

технологияларын колдану өндіріс шығындарын төмендетіп, өнім сапасы мен қант шығымын арттыруға мүмкіндік береді.

Тыңайтқыштарды теңгерімді қолдану өсімдіктердің қоректік элементтерді сіңіру тиімділігін 15–20 пайызға жоғарылатып, тамыржемістің сапалық көрсеткіштерін (қанттылық, құрғақ заттар мөлшері) жақсартады. Органикалық және биологиялық тыңайтқыштарды қатар пайдалану топырақтағы гумус мөлшерін 0,4–0,6 пайызға арттырып, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға ықпал етеді.

Агрономиялық кадрлар мен мамандардың біліктілігін арттыру нәтижесінде егіс пен агротехникалық шаралардың сапасы жақсарып, олардың орындалу деңгейі 90 пайызға дейін көтеріледі. Цифрлық агротехнологияларды енгізу қант қызылшасы егістерін бақылау мен талдау тиімділігін арттырады.

Жалпы алғанда, ұсыныстарды толық жүзеге асыру қант қызылшасының өнімділігін 20–25 пайызға арттырып, өндірістік шығындарды 10–15 пайызға азайтуға және шаруашылықтардың экономикалық тиімділігін 25–30 пайызға көтеруге мүмкіндік береді. Бұл шаралар саладағы инновациялық және экологиялық тұрғыдан тұрақты дамуды қамтамасыз етеді.

#### ***4. Сарапшының қатысуымен консультациядан алынған сапалы фотосуреттер***



